

Аудан жұмыссыздары үшін ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі № 155 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2011 жылы 6 мамырда № 3-9-142 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 53 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2013.01.21 № 53 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағына және 20 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында Мұғалжар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері, жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (А. Шотов) осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін. Қоғамдық жұмыстарға қатысушыларға еңбек ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкесінше ағымдағы қаржы жылына белгіленген ең төменгі еңбек ақы мөлшерінде жүзеге асырылсын.

4. Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 475 "2010 жылға арналған жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-114 болып тіркелген, 2010 жылғы 17 ақпанында № 8 аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. "Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (А.Шотов) ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтарға келісім-шарт негізінде еңбек ақы төлеу жүктелсін.

6. "Мұғалжар аудандық экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік

бөлімі" ММ (Ғ. Асқаров) 451-002-100 "Қоғамдық жұмыстар" бюджеттік бағдарлама бойынша қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Н. Аққұлға жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап, күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын заң қатынастарына қолданылады.

Мұғалжар ауданының әкімі

С. Шаңғұтов

Мұғалжар ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 22 сәуірдегі
№ 155 қаулысына
ҚОСЫМША № 1

Ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін кәсіпорындар мен мекемелердің ТІЗБЕСІ

№	Мекемелер
1	2
1	"Мұғалжар ауданы әкімі аппараты" ММ
2	"Қандығаш қаласы Әкім аппараты"ММ
3	"Ащысай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
4	"Ақкемер ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
5	"Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
6	"Жұрын ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
7	"Талдысай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
8	"Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
9	"Ембі қаласы Әкім аппараты"ММ
10	"Жем қаласы Әкім аппараты"ММ
11	"Батпақкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
12	"Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
13	"Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
14	"Құмсай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
15	"Құмжарған ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
16	"Мұғалжар ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ
17	"Мұғалжар ауданы қорғаныс істер бөлімі" ММ
18	"Қандығаш № 4 орта мектебі" ММ
19	"Мұғалжар ауданының прокуратурасы" ММ
20	"Мұғалжар аудандық соты" ММ
21	"Мұғалжар аудандық мұрағат" ММ
22	"Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының Мұғалжар аудандық бөлімі " ММ
23	"Мұғалжар ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі"ММ
24	"Мұғалжар ауданы бойынша салық басқармасы"ММ
25	"Мұғалжар аудандық білім бөлімі" ММ

26	"Мұғалжар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ
27	"Мұғалжар ауданының Әділет басқармасы"ММ
28	"Мұғалжар аудандық ішкі саясат бөлімі"ММ
29	"Мұғалжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі"ММ
30	"Зейнетақы төлеу жөніндегі орталық Мұғалжар аудандық бөлімшесі" ММ
31	"Мұғалжар аудандық ішкі істер бөлімі"ММ
32	"Соттар әкімшісінің Мұғалжар № 1 аумақтық учаскесі" ММ
33	"Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы" ММ
34	"Мұғалжар аудандық статистика бөлімі" ММ
35	"Ақ жол"коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
36	ММ "Мұғалжар аудандық құрылыс бөлімі"
37	"Мұғалжар" аудандық газеті
38	"Мұғалжар аудандық ауылшаруашылық бөлімі" ММ
39	"Комунальщик"коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
40	"Желілік ішкі істер бөлімі" ММ
41	"Ембі қалалық кітапхана" ММ
42	"Қандығаш қалалық лицей № 8 лицейі" ММ
43	"Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" ММ Мұғалжар аудандық филиалы

Мұғалжар ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 22 сәуірдегі
№ 155 қаулысына
ҚОСЫМША № 2

Ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері мен жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

Ақылы қоғамдық жұмыстар	АҚЖ-ға тартылған жұмыссыздар саны (адам)				
	Барлығы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1	2	3	4	5	6
1. "Құрылыс тобы" жобасы					
Салынып бітпеген және жартылай бұзылған ғимараттардың мәселесін шешу, аурухана, мектеп, бала бақшаларды және бюджеттік мекемелерді жөндеу, қоғамдық ғимараттардың сыртқы көрінісін қалыпқа келтіруге. Осы жоба бойынша құрылыс - сылақ жұмыстары, инженерлік жүйелерін жүргізу (су, газ құбырлар, жылу жүйелері).	40	10	10	10	10
2. "Қала және ауылдық округтердің жолдарын жөндеу" жобасы					
Жол құрылыс жұмыстарын облыс бойынша жүргізетін мекемелерге жаңа жол салуға және көне жолдарды жөндеуге көмек беру, сондай-ақ облыста, аудан орталықтарында және тротуарлар жөндеу жұмыстарын жүргізу және жол жиектеріндегі арам шөптерді шабу, қоғамдық көлік тұрақтарын көркейту жұмыстарын жүргізуге арналған.	50	10	15	15	10

3. "Қала және ауылдық округтерді көркейту" жобасы					
Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру мақсатымен сая бақтарда көшеттер отырғызып, ағаштарды кесіп, сақтауға, ойын алаңдарын ұйымдастырып, қыс мезгілінде мұз қалашығын құруға арналған жоба.	170	45	46	41	38
4. "Ауыл-шаруашылық жұмыстары" жобасы					
Әлеуметтік саласында жұмыс жасап жатқан объектілерге картоп, көкөністер, бау-бақша өнімдерін егіп, өсіріп және қамтамасыз ету мақсатында жаз айларында шөп дайындауға, қысқы мерзімде мал бағатын алаңдар ұйымдастыруға, малдарды қолдан ұрықтандыру жұмыстарын жүргізуге арналған жоба.	10	3	2	2	3
5. "Санақ" жобасы					
Қоғамдық пікірлерді анықтау мақсатында республикалық регионалдық компаниялардың жұмыстарын, тұрмыс деңгейі төмен отбастарының карталарын толтыруға көмек көрсету. Жұмыссыздарды атаулы көмек тағайындау комиссиясының, әскери қатарына шақыру кезеңдерінде қоғамдық ақылы жұмыстарға тарту жобасы.	40	10	10	10	10
6. "Ескерткіш" жобасы					
Тарихи-архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіріп, сыртқы ортамен қорықтарды сақтап, көркейту және зираттарды таза ұстап қорғау мақсатында жобаланған қоғамдық жұмыстар.	10		5	5	
7. "Кітапқа- екінші өмір" жобасы					
Болашақ ұрпаққа рухани бай қазынамызды сол қалпында сақтап, жеткізіп, мектеп және аудандық кітапханалардағы кітап қорын қалпына келтіріп, мектеп оқушыларын оқулықтармен толық қамтамасыз етуге жобалаған қоғамдық жұмыс.	12	3	3	3	3
8. "Аудан бойынша мәдени шараларды ұйымдастыру" жобасы					
Мәдени шаралар, спорттық жарыстар, халықтық мерекелерді ұйымдастырып өткізуге арналған жоба.	12	3	3	3	3
9. "Мейірімді медбике" жобасы					
Емдеу мекемелерінде және үйлерде науқас, қарт адамдарға күтім жасау	0	0	0	0	0
10. "Жер және мүлік салықтарын жинау және ауданға қажетті жұмыстарды ұйымдастыру" жобасы					
Қала, село округтерінде жер және мүлік салықтарын жинауға, аудан жерлерін өлшеуге көмек беру үшін арналған	40	10	10	10	10
10. "Сарбаздар тобы" жобасы					
Қала, село округтерінде полиция қызметкеріне тәртіп сақшылары ретінде көмек беру үшін арналған.	12	3	3	3	3
11. "Тігінші" жобасы					
Ауруханадағы киімдерді қалпына қайта келтіру жұмыстарын жасау, мектеп-интернаттарда, балалар үйінде, балалар бақшасында әлеуметтік көмек көрсетуге арналады.	0	0	0	0	0
12. "Ұстаз - тәрбиеші" жобасы					
Ұстаздық тәрбиешілік қызметке ықпал ету үшін, жасөспірім балаларға мектептерде оқушылар үшін ұзартылған топ түрінде қосымша сабақ ұйымдастыруға, мәдени көпшілік шара жүргізу, үйірме жұмысын, аула клубтарын ұйымдастырып, жұмыстарын жақсарту және қиын балаларды тәрбиелеу үшін арналған.	20	5	5	5	5
13. "Кеңес беруші" жобасы					
Құқықтық сұрақтар бойынша отбасы жағдайы төмен деңгейдегі азаматтарға кеңес беру үшін арналған.	12	3	3	3	3
14. "Аймақтың экологиясын жақсарту" жобасы					

Аймақтың экологиясын жақсарту, қоршаған ортаны сақтауға көмектесу, тұрмыс қалдықтарын көму, сұрапыл үйінділерін жою мекемелеріне көмек беру, ормандарды тазалау.	60	20	10	20	10
15. "Аудан мұрағат базасын толтыру" жобасы					
Аудан мұрағат базасын қалыптастыру	12	3	3	3	3
16. "Мектеп оқушыларына таңғы тамақ дайындау"					
Мектеп оқушылары үшін таңғы тамақ дайындау	0	0	0	0	0
Барлығы:	500	129	127	135	109

кестенің жалғасы

Ақылы қоғамдық жұмыстар	Жұмыс жасау мерзімі	Айсаы нғы төлем ақы көлемі	Қаржыландыру көзі (тенге)		
			Барлық төленетін қаражат	аудандық бюджетте н	жұмыс берушінің есебін ен
1	7	8	9	10	11
1. "Құрылыс тобы" жобасы					
Салынып бітпеген және жартылай бұзылған ғимараттардың мәселесін шешу, аурухана, мектеп, бала бақшаларды және бюджеттік мекемелерді жөндеу, қоғамдық ғимараттардың сыртқы көрінісін қалыпқа келтіруге. Осы жоба бойынша құрылыс -сылақ жұмыстары, инженерлік жүйелерін жүргізу (су, газ құбырлар, жылу жүйелері).	4	17083	2733280,0	2733,3	
2. "Қала және ауылдық округтердің жолдарын жөндеу" жобасы					
Жол құрылыс жұмыстарын облыс бойынша жүргізетін мекемелерге жаңа жол салуға және көне жолдарды жөндеуге көмек беру, сондай-ақ облыста, аудан орталықтарында және тротуарлар жөндеу жұмыстарын жүргізу және жол жиектеріндегі арам шөптерді шабу, қоғамдық көлік тұрақтарын көркейту жұмыстарын жүргізуге арналған.	4	17083	3416600,0	3416,6	
3. "Қала және ауылдық округтерді көркейту" жобасы					
Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру мақсатымен сая бақтарда көшеттер отырғызып, ағаштарды кесіп, сақтауға, ойын алаңдарын ұйымдастырып, қыс мезгілінде мұз қалашығын құруға арналған жоба.	5	17083	14520550,0	14520,5	
4. "Ауыл-шаруашылық жұмыстары" жобасы					
Әлеуметтік саласында жұмыс жасап жатқан объектілерге картоп, көкөністер, бау-бақша өнімдерін егіп, өсіріп және қамтамасыз ету мақсатында жаз айларында шөп дайындауға, қысқы мерзімде мал бағатын алаңдар ұйымдастыруға, малдарды қолдан ұрықтандыру жұмыстарын жүргізуге арналған жоба.	4	17083	683320,0	683,3	
5. "Санақ" жобасы					
Қоғамдық пікірлерді анықтау мақсатында республикалық регионалдық компаниялардың жұмыстарын, тұрмыс деңгейі төмен отбастарының карталарын толтыруға көмек көрсету. Жұмыссыздарды атаулы көмек тағайындау комиссиясының, әскери қатарына шақыру кезеңдерінде қоғамдық ақылы жұмыстарға тарту жобасы.	6	17083	4099920,0	4099,9	

6. "Ескерткіш" жобасы					
Тарихи-архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіріп, сыртқы ортамен қорықтарды сақтап, көркейту және зираттарды таза ұстап қорғау мақсатында жобаланған қоғамдық жұмыстар.	3	17083	512490,0	512,5	
7. "Кітапқа- екінші өмір" жобасы					
Болашақ ұрпаққа рухани бай қазынамызды сол қалпында сақтап, жеткізіп, мектеп және аудандық кітапханалардағы кітап қорын қалпына келтіріп, мектеп оқушыларын оқулықтармен толық қамтамасыз етуге жобалаған қоғамдық жұмыс.	4	17083	819984,0	820,0	
8. "Аудан бойынша мәдени шараларды ұйымдастыру" жобасы					
Мәдени шаралар, спорттық жарыстар, халықтық мерекелерді ұйымдастырып өткізуге арналған жоба.	4	17083	819984,0	820,0	
9. "Мейірімді медбике" жобасы					
Емдеу мекемелерінде және үйлерде науқас, қарт адамдарға күтім жасау	0	0	0,0	0,0	
10. "Жер және мүлік салықтарын жинау және ауданға қажетті жұмыстарды ұйымдастыру " жобасы					
Қала, село округтерінде жер және мүлік салықтарын жинауға, аудан жерлерін өлшеуге көмек беру үшін арналған	6	17083	4099920,0	4099,9	
10. "Сарбаздар тобы" жобасы					
Қала, село округтерінде полиция қызметкеріне тәртіп сақшылары ретінде көмек беру үшін арналған.	3	17083	614988,0	615,0	
11. "Тігінші" жобасы					
Ауруханадағы киімдерді қалпына қайта келтіру жұмыстарын жасау, мектеп-интернаттарда, балалар үйінде, балалар бақшасында әлеуметтік көмек көрсетуге арналады.	0	0	0,0	0,0	
12. "Ұстаз - тәрбиеші" жобасы					
Ұстаздық тәрбиешілік қызметке ықпал ету үшін, жасөспірім балаларға мектептерде оқушылар үшін ұзартылған топ түрінде қосымша сабақ ұйымдастыруға, мәдени көпшілік шара жүргізу, үйірме жұмысын, аула клубтарын ұйымдастырып, жұмыстарын жақсарту және қиын балаларды тәрбиелеу үшін арналған.	3	17083	1024980,0	1025,0	
13. "Кеңес беруші" жобасы					
Құқықтық сұрақтар бойынша отбасы жағдайы төмен деңгейдегі азаматтарға кеңес беру үшін арналған.	3	17083	614988,0	615,0	
14. "Аймақтың экологиясын жақсарту" жобасы					
Аймақтың экологиясын жақсарту, қоршаған ортаны сақтауға көмектесу, тұрмыс қалдықтарын көму, сұрапыл үйінділерін жою мекемелеріне көмек беру, ормандарды тазалау.	4	17083	4099920,0	4099,9	
15. "Аудан мұрағат базасын толтыру" жобасы					
Аудан мұрағат базасын қалыптастыру	3,7	17083	758485,2	758,5	
16. "Мектеп оқушыларына таңғы тамақ дайындау"					
Мектеп оқушылары үшін таңғы тамақ дайындау	0	0	0,0	0,0	
Барлығы:			38827092,00	38827,1	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК